

**Қ.Абаханов атындағы орта мектеп бойынша Қамқоршылық кеңестің
2022 жылдың I тоқсанында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат**

Қ.Абаханов атындағы орта мектеп бойынша мектеп директорының №6 санды бүйрығы (19.01.2022 ж.) негізінде Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру туралы 2021-2022 оку жылы бойынша Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітіліп, Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Амангалиева Құралай сайланды.

Құрамында:

1. Сұлейменова Ләззат
2. Умарова Дина
3. Тлегенов Азамат
4. Қамешова Анар
5. Жунусова Нургул
6. Жәнібекова Айдана
7. Туленов Бертилеу
8. Утепова Анар

Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған іс – шара жоспары жасақталды. Жоспар бойынша Қамқоршылық кеңестің I отырысы ұйымдастырылып, онда Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен танысу, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу мәселелері қарастырылды.

Аудандық білім бөлімінің 2022 жылғы 31-ші наурыздағы №117 санды хаты негізінде Қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысы болып өтті. Күн тәртібіндегі қаралған мәселе - «Бебек» ұлттық ғылыми – практикалық, білім беру және сауықтыру орталығына баратын оқушыны анықтау туралы.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ақылдасуымен бір ауыздан 4 «А» сынып оқушысы Жұма Бексұлтанды (оку озаты, түрлі байқаулардың жеңімпазы, әлеуметтік көмек алатын отбасы санатынан) «Бебек» ұлттық ғылыми – практикалық, білім беру және сауықтыру орталығына демалуға ұсынылды.

Мектеп бойынша 1-4 сыныпта 194 оқушы білім алуда (3 оқушы денсаулығына байланысты үйден білім алуда), 191 оқушы толық ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген тегін тамақтану құқығына ие жеке санаттағы 19 оқушы ата-аналарының өтініштері бойынша ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр.

Мектеп асханасына Бракераж комиссия мүшелерімен және «Қамқоршылық кеңес» мүшелерімен зерделеу жұмыстары жүргізіліп тұрады: ас блогы қызыметкерлерінің жұмысы, дайын және шикі өнімдер мен көкөністердің сақталуы, тоңазытқыштар мен қоймада тұрған ас-судың жарамдылық мерзімі, ыдыс жуу ережелерінің сақталуы, сондай-ақ асхана жұмысына қатысты журналдардың толтырылуы, ас блогы мен оқушылар тамақтанатын орындардың санитарлық жағдайлары тексеріліп тұрады. Нәтижесінде, күнделікті ас мәзірі үақытымен ауыстырылады. Бракераждық журнал медбикемен күнделікті толтырылады.

Жасақталған іс-шара жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар мектеп сайтына орналастырылып отырады. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын таба бермек.

Мектеп директоры:



Н.Рахметуллина